

Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы № 328/415 " Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" бірлескен қаулысына және шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 1 наурыздағы № 83 қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылғы 1 наурыздағы № 387 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 наурызда № 5981 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 және 27-баптарына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы № 328/415 "Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" бірлескен қаулысына және шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3378 тіркелген, 2011 жылғы 8 қарашада "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

әкімдік пен мәслихаттың бірлескен қаулысы мен шешімінің қосымшасында:

136 "Шандыаша ауылы", 149 "Мамыт ауылы", 150 "Первомай ауылы", 244 "Опытное ауылы", 254 "Жамбыл ауылы" - жолдары алынып тасталсын.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	О. ОРАЗАЛИН
Облыстық мәслихаттың хатшысы	С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА
Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы	Т. ЕСЕНҒҰЛОВ